Республика күні 25 қазан

ЕГЕМЕН ЕЛІМ — ҚАЗАҚСТАН!

АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады

info@alatauaraiy.kz
www.alatauaraiy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

№ 117 (566) // 22 қазан // бейсенбі // 2026 жыл

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

БАУЫРЛАС ЕЛМЕН БАЙЛАНЫС

Облыс әкімі Шыңғыс Әрінов Түркия Республикасының Алматы қаласындағы Бас консулы Туба Алан Өзденфедакармен кездесті. Жүздесуде екіжақты сауда-экономикалық, инвестициялық, мәдени-гуманитарлық және білім беру саласындағы ынтымақтастықты арттыру барысы талқыланды.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Бүгінде Қазақстан мен Түркия арасында берік дипломатиялық байланыс орнаған. Мәселен, соңғы 20 жылда түрік компаниялары еліміздің экономикасына 6 миллиард доллардан астам инвестиция салды. Ал Қазақстанның бауырлас елге құйған инвестиция көлемі 2,5 миллиард доллардан асты. Өткен жылдың қорытындысы бойынша, Түркия мен Алматы облысы арасындағы тауар айналымы 231 млн долларға жетті. Қазіргі таңда өңірде түрік капиталының қатысуымен құрылған 147 кәсіпорын жұмыс істейді. Сонымен қатар облыста қос тарап бірлесіп құрған 31 кәсіпорын бар. Олар құрылыс материалдары, сүт өнімдері, фармацевтика, пластмасса, кондитерлік өнімдер және сусын өндірісі сияқты салаларды қамтиды.

Кездесу кезінде облыс әкімі Шыңғыс Әрінов екі бауырлас халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи, мәдени және рухани байланысына негізделген стратегиялық әріптестік қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

«Қазіргі уақытта өңірде түрік капиталының қатысуымен бірқатар табысты инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Олардың қатарында өнеркәсіптік өнімдер өндіру және химия өнеркәсібі саласындағы жобалар бар. Біз түрік инвесторларымен бірлескен өндірістер ашуға, озық технологиялар тартуға және экспортқа бағдарланған кәсіпорындарды дамытуға мүдделіміз. Өз тарапымыздан оларға жан-жақты ақпараттық қолдау көрсетуге және жобаларын іске асыру мәселесін тиісті мемлекеттік органдармен бірлесіп қарастыруға дайынбыз», – деді аймақ басшысы.

Шыңғыс Сайранұлының айтуынша, мәдени-гуманитарлық байланысты дамыту да – маңызды бағыттардың бірі. Бүгінде еліміздегі түрік этносының төрттен бір бөлігі Алматы облысында тұрады. Өңірде 2005 жылдан бері «Ахыска» түрік этномәдени орталығы жұмыс істейді. Соңғы үш жылда облыстағы қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжінің 50 студенті Түркия еліне барып, тәжірибе жинады. Сондай-ақ 25 өндірістік оқыту шебері тағылымдамадан, 4 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Биыл Түркияның «Anadolu Turizm Mesleki ve Teknik Anadolu Lisesi» оқу орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік туды.

Жиын барысында Бас консул Туба Алан Өзденфедакар екі ел арасында достық пен сенімге негізделген стратегиялық серіктестік орнағанын жеткізді.

«Қазақстанда 3800-ден астам түрік кәсіпорны тіркелген, олардың жартысынан астамы Алматы қаласы мен облысында орналасқан. Сондай-ақ түрік құрылыс компаниялары Қазақстанда жалпы құны 30 миллиард долларды құрайтын 500-ден астам жобаны жүзеге асырды. Қазіргі таңда қорғаныс өнеркәсібі, энергетика және авиация саласында да әріптестігіміз қарқынды дамып келеді. Қазақстан – тоғыз жолдың торабында орналасқан логистикалық орталық. Сондықтан кәсіпкерлер мен инвесторлардың басын қосып, өңірде жаңа жобаларды іске асыруға, әкімдікпен бірлесе жұмыс істеуге мүдделіміз», – деді Туба Алан Өзденфедакар.

Кездесу қорытындысында қос тарап екіжақты байланысты әрі қарай жетілдіруге және туындаған мәселелерді бірлесіп шешуге уағдаласты.

Таза Қазақстан

СЕКСЕУІЛ ТҰҚЫМЫ ЖИНАЛДЫ



Суретті түсірген – Мұхтар ӘУКЕН

Балқаш ауданында «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясында қара сексеуіл тұқымын жинау шарасы өтті. Мақсаты – қоршаған ортаны қорғау, табиғи байлықтарымызды сақтау және келер ұрпаққа жасыл әрі таза Қазақстан қалдыру жолындағы игі бастамаларды жүзеге асыру. шарада алғашқы сөз облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлына берілді.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

– Табиғатқа қамқорлық қоршаған ортаны таза ұстаумен қатар, орман қорын сақтап, оны молайтудан басталады. Бүгінгі іс-шара – осы бағыттағы ортақ жұмысымыздың нақты көрінісі. Мемлекет басшысының 2 миллиард ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасына сәйкес әзірленген облыстың ормандарын молайту және орман өсіру көлемін ұлғайту кешенді жоспары шеңберінде 2021-2027 жылдары 23,8 мың гектарға 52,6 млн ағаш отырғызу көзделген. Өткен бес жылда 19,8 мың гектарға 43,7 млн ағаш отырғызылып, кешенді жоспардың 83%-ы орындалды. Биыл 2 077 гектарға 4,6 млн ағаш өсіру жоспарланған. Көктемде 77 гектарға 508,9 мың көшет отырғызылып, көктемгі жоспар 109%-ға орындалды. «Таза Қазақстан» акциясы аясында биыл облыстың орман шаруашылығы мекемелерінде 10 тонна қара сексеуіл және өзге де ағаш түрлерінің 1,6 тонна тұқымын жинау жоспарланған, – деген Бақытнұр Бақытұлы осындай игі бастамаларға бірлесе қатысудың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау мен жас ұрпақты табиғатты аялауға баулудың үлгісі екенін айтты

Келесі кезекте Балқаш ауданы әкімінің орынбасары Асқар Кәдір сөз алып, қара сексеуіл тұқымын жинау іс-шарасының да маңызына тоқталды. Айтуынша, бұл өсімдік шөл және шөлейтті аймақтардың табиғи тепе-теңдігін сақтауда ерекше рөл атқарады. Құмның көшуін тежеп, топырақтың жел эрозиясына ұшырауын азайтып, қоршаған ортаға қолайлы жағдай қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар шөлді аймақтардың биоалуантүрлілігін сақтауға және табиғи экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуге көмектеседі. Сөзінің соңында «Таза Қазақстан» бағдарламасының бір күндік іс-шара емес, әр азаматтың күнделікті өмір салтына айналуы тиіс ортақ міндет екенін айтып, баршаны табиғатты аялауға, қоршаған ортаны таза ұстауға және экологиялық бастамаларға белсенді қатысуға шақырды.

Шара барысында Бақанас аграрлы-индустриалды колледжінің студенттері, мектеп оқушылары, жас орманшылар, еріктілер, Бақанас орман шаруашылығы мекемесінің қызметкерлері қара сексеуіл тұқымын жинап, облыстың жасыл қорын молайту жолында игілікті іс тындырды.

Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының басшысы Қанат Нүсіпбаев Мемлекет басшысының 2 миллиард ағаш отырғызу жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатындағы облыстың кешенді жоспарына сәйкес биыл күз мезгілінде 10 тонна қара сексеуіл тұқымын жинау жоспарланғанын, оны егуге арналған 2 мың гектар жер жыртылып, толық дайын тұрғанын хабардар етті. Қанат Ақылұлы бүгінгі шараға қатысушылардың басым бөлігі жастар болып отырғаны көңіл қуантатынын, олардың сексеуілді көріп жүргенімен, оның қалай өсетінін, тұқымы қалай жиналатынын біле бермейтінін, соны іс жүзінде көрсетіп, табиғатты аялауға баулуды мақсат тұтқандарын жеткізді.

Тұқым жинау шарасы аяқталған соң облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлы аудан орталығындағы Бақанас орман шаруашылығы мекемесінде болып, ұжымның тыныс-тіршілігімен танысты. Мекеме директоры Мұрат Нұрмұхамбетов мекеме тарихынан сыр шертіп, өрт сөндіру стансасында 4 өрт сөндіру көлігі, соқасымен 6 трактор және тағы басқа техникалардың өрт сөндіруге сақадай сай тұрғанын тілге тиек етті. Алайда көліктер тұратын ғимаратқа жылу жүйесін тарту мен қайықтың қажеттілігін жасырмады. Облыс әкімінің орынбасарынан осы екі мәселенің шешімін табуына ықпал етуін сұрады. Бақытнұр Бақытұлы мекеме қызметкерлеріне өрттің алдын алу бағытындағы жұмыстарын іске асыру жайлы бірқатар тапсырма жүктеді.

Газетіміздің апта ішіндегі ең маңызды жаңалықтарды қамтыған бейнешолуын YouTube парақшамызға тіркеліп, мына QR-код арқылы көре аласыздар:

БАСПАСӨЗ – 2027

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2027 жылға газетке жазылу науқаны басталды.
Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алаштың аманатын даралаған,
Ұлтымның ұлағатын бағалаған.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Көркем сөз, кемел ойды саралаған!

Жазылушылар	Индекс	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	6103,44	5742,72	12206,88	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар	14792	11872,80	7326,72	23745,60	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5743,44	5382,72	11486,88	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ:		
Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	5000	10000
Кәсіпорындар мен ұйымдар	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	4000	8000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

МЕРЕКЕ ШУАҒЫ



ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ

Республика күні қарсаңында Талғар ауданы Қызылқайрат ауылында орналасқан «Ақ жол-М» балаларды оңалту орталығында Алматы облыстық балалардың құқықтарын қорғау басқармасының қолдауымен мерекелік концерт өтті. Оңалту орталығы әкімшілігі ұйымдастырған салтанатты шараға облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев, облыстық балалардың құқықтарын қорғау басқармасының басшысы Дәулет Шайтұрсын арнайы келіп қатысты.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ ——

Облыс орталығынан келген құрметті қонақтарды «Ақ жол-М» оңалту орталығының қызметкерлері жылы жүзбен қарсы алып, мекеме жұмысымен жан-жақты таныстырды. Бұл орталық мыңнан астам ерекше қажеттіліктері бар балаларға кешенді медициналық-әлеуметтік оңалтуды тегін ұсынады. Халықтан жиналған қайырымдылық қаржысы және меценаттардың қолдауымен құрылған мекеме қозғалыс функцияларын қалпына келтіруге және бейімдеуге арналған озық құралдармен жабдықталған.

Күндізгі орталықта мүмкіндігі шектеулі балаларды оңалтудың бірыңғай стандарты қолданылады. Онда психолог, массаж, емдік дене шынықтыру, жүзу бойынша толыққанды қызмет алуға болады. Мамандар ағылшын тілінен сабақ өткізеді, шахмат, дойбы, армрестлинг және тоғызқұмалақ бойынша ойындарды үйретеді. Орталықтың қамқорлығында 200-ден астам бала бар, олар мұнда 72 маманның білікті оңалту емшараларын қабылдайды. Мемлекет тарапынан мүгедектігі бар балаларға емдеу мен оңалтудың толық кешені үшін барлық жағдай жасалуда. 2020 жылдың қаңтарынан бастап «Ақ жол-М» қоры ҚР Әлеуметтік қорғау және еңбек министрлігінің 58 балаға арналған арнаулы әлеуметтік қызметтеріне мемлекеттік тапсырыс алады.

Қонақтар орталықтың барлық кабинетін аралап, балалардың оңалтудан өту үдерісімен егжей-тегжейлі танысты. Мұнда күн сайын 170-200 баланы қабылдау жоспарланған. Әр түрлі аурулармен ауыратын 1000-нан астам бала қордың есебінде тұр, көрсетілетін оңалту көмегі күндізгі режимде жүргізіледі. Мұнда әрбір балаға жеке қарайды және ата-аналардың өзін жалғыз сезінбеуі үшін баласымен бірге болу мүмкіндігі бар.

Орталықтағы емдеу үрдістері көрсетілген соң, одан әрі іс-шара мәжіліс залында жалғасты. Мұнда балалар концерт қойып, өз қолдарымен жасаған керемет шығармашылық еңбектерімен де қуантты. Әсіресе кішкентай ғана Әмина Манаптың домбырамен билеуі және Элифа Фиязованың «Ақ жол-М» орталығының әнұранын орындауы қонақтарды ерекше тебірентіп, көпшілік ду қол шапалақтады.

Орталықта оңалту шараларын алып жатқан балаларды облыс әкімінің орынбасары Ғани Майлыбаев Республика күнімен құттықтады. Ол барлық қатысушыларға, балаларға, қызметкерлерге, олардың ата-аналарына шынайы қолдау білдіріп, тең мүмкіндік, қолайлы орта және әрбір баланың дарынын ашу үшін жағдай жасау жергілікті атқарушы билік жұмысының басты басымдығы екенін атап өтті.

– Әрбір бала – біздің болашағымыз, мақтанышымыз! Ерекше қажеттіліктері бар балаларда шынайылық, керемет рух күші мен дарын бар. Біздің міндетіміз – сіздер өздеріңізді сенімді, қауіпсіз және бақытты сезінулеріңізге мүмкіндік жасау. Біз сіздердің өмірге деген құштарлығыңыз, алғашқы жеңістеріңіз үшін ерекше қуанамыз, – деді Ғани Айдарұлы.

Ол ерекше балаларды тәрбиелеу мен оңалтуға күн сайын жан-тәнін салып, асқан шыдамдылық, шексіз сүйіспеншілік танытып жүрген ата-аналарға, заңды өкілдер мен педагогтерге алғыс айтты. Дарынды балалардың күшімен дайындалған концерт үшін ерекше ризашылығын білдірген облыс әкімінің орынбасары орталық қызметкерлері мен тәрбиеленушілеріне емдеу аппараты мен мерекелік сыйлық тапсырды.

Өз кезегінде орталық қызметкерлері қонақтарға алғыстарын білдіріп, балалардың қолымен салынған үлкен суретті сыйға тартты. Іс-шара соңында Ғани Айдарұлы әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту, мамандандырылған оңалту орталықтары мен инклюзивті алаңдар ашу жұмыстары алдағы уақытта да белсенді жалғасатынын, әрбір бала өз арманын жүзеге асыра алатынын атап өтті.

Осылайша, біз мереке қарсаңында елімізде ерекше қажеттіліктері бар балаларға ерекше көңіл бөлінетініне тағы бір мәрте көз жеткізе түстік.

Талғар ауданы

Кеген аудандық «Жасыл ел» еңбек жасағының жастары тазалық жұмысына үлес қосты. Негізгі мақсаты – қоршаған ортаның тазалығын сақтау, туған жерге деген сүйіспеншілікті арттыру және жастар арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

ЖАСТАР БЕЛСЕНДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

● Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ ——

Тазалық жұмысы барысында жасақ мүшелері белсенділік танытып, айналаны қоқыстан тазарту, аумақты ретке келтіру және қоршаған ортаның көркеюіне үлес қосу бағытында еңбек етті. Жастардың бірлесе атқарған жұмысы – туған жерге деген жанашырлықтың, жауапкершілік пен ұйымшылдықтың айқын көрінісі.

«Жасыл ел» – еңбек жасағы ғана емес, сонымен қатар жастарды еңбекқорлыққа, табиғатты аялауға және қоғамға пайдалы іс жасауға үндейтін игі бастаманың негізін қалаушылар. Осындай жұмыстар арқылы жас буын туған өлкенің тазалығына бейжай қарамай, оның гүлденуіне өз үлестерін қосудың маңыздылығын көрсетіп келеді.

Таза ауыл – таза болашақ! Туған жеріміздің көркеюі әрқайсымыздың қолымызда. Табиғатты аялап, тазалықты сақтап, қоршаған ортаға қамқорлық таныту – баршамызға ортақ міндет!

Кеген ауданы

ҚҰРМЕТ

Құтқарушылар марапатталды

Қонаев қаласында Құтқарушылар күніне орай салтанатты жиын өтті. Шарада қала әкімі Асхат Бердіханов құтқарушыларды кәсіби мерекесімен құттықтап, олардың адам өмірі мен қауіпсіздігін қорғаудағы еңбегін атап өтті.



«Құтқарушы болу – үлкен жауапкершілікті, батылдық пен табандылықты талап ететін абыройлы мамандық. Сіздер күн сайын адам өмірі мен қауіпсіздігін қорғап, қиын сәтте көмекке келіп, талай жанға үміт сыйлап жүрсіздер. Қауіп-қатерге қарамастан, азаматтардың өмірін сақтап қалу жолындағы қызметтеріңіз әрдайым құрметке лайық», – деді қала әкімі. Сондай-ақ ол құтқарушыларға адал қызметі үшін қала тұрғындары атынан алғыс білдіріп, отбасыларына амандық пен бақ-береке, жұмыстарына сәттілік тіледі.

Салтанатты жиында шаһар басшысы Қонаев қалалық төтенше жағдайлар басқармасының және №1 өрт сөндіру бөлімінің 15 қызметкерін марапаттады. Сонымен қатар «Халық үшін» қоғамдық қорының директоры Сергей Горяной 5 құтқарушыға арнайы сертификаттар табыстады.

Ақерке ЖҰМАҒАЗЫҚЫЗЫ
Қонаев қаласы

Қауіпсіздікті қамтамасыз етеді



Жамбыл аудандық Мәдениет үйінде Құтқарушылар күніне арналған салтанатты жиын өтті. Мерекелік шараға азаматтық қорғау саласының қызметкерлері, Ұзынағаш ауылында орналасқан Бауыржан Момышұлы атындағы 28237 әскери бөлімінің жеке құрамы, өрт сөндірушілер, сала ардагерлері мен құрметті қонақтар қатысты.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ ——

Салтанатты шарада Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ақниет Тұматаев құтқарушыларды кәсіби мерекелерімен құттықтап, адам өмірін арашалау жолындағы жанқиярлық еңбектері мен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапты қызметтеріне алғыс білдірді.

– Құтқарушы болу – жай ғана мамандық емес, үлкен жүректілікті, батылдық пен табандылықты талап ететін абыройлы міндет. Сіздер қандай қиын жағдайда да алдыңғы шептен табылып, азаматтардың өмірі мен қауіпсіздігін қорғау жолында аянбай еңбек етіп келесіздер. Бұл – шынайы ерлік пен Отанға адал қызмет етудің жарқын үлгісі, – деп атап өтті аудан әкімінің орынбасары.

Құтқарушылардың кәсіби мерекесіне арналған шара барысында қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып, азаматтық қорғау саласының дамуына үлес қосқан бірқатар қызметкерлер аудан әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарымен марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының салалық ведомстволарының марапаттары тапсырылды. Соңынан аудан өнерпаздарының мерекелік концерті тамашаланды.

Жамбыл ауданы

ӘЛЕУМЕТ

«Ақылдымның» жаңа белесі



Қаскелең қаласында балаларға арналған «Ақылдым» түзету орталығының ұжымы жаңа қонысқа көшті. Жөндеуден өтіп, заманауи талапқа сай жабдықталған ғимаратқа орналасқан орталықтың педагогтері де, ата-аналары да, балалары да дән риза.

● Қуат ҚАЙРАНБАЕВ ——

Бұл орталық 2019 жылы дамуында қиындықтары бар балалардың ата-аналарына көмектесуге деген ынтажігері мол кәсіби педагог Анар Қилыбаеваның жеке ұмтылысымен ашылған еді. Алғашқыда сабақтар үйдің жанындағы шағын уақытша ғимаратта өткізілді. Бастапқы кезеңде бар болғаны үш-төрт бала қамтылды. Кейін мұнда білім алуға ниетті балалардың саны әлдеқайда көп екені белгілі болған соң, орталыққа тұтас бір үй берілді. Енді, міне, жолдасы Ержан Иманқұловтың қолдауымен Анар өз білім беру мекемесінің ерекшеліктерін ескере отырып, ғимаратты толық жөндеуден өткізді. Негізінде, бұл орталық тарихындағы жаңа кезеңнің бастауы десе болады.

Мұнда бүгінде нағыз кәсіби мамандар еңбек етеді. Орталық жетекшісі Анар Қилыбаева – нейропсихолог әрі ойын терапевті. Жазира Меземхан мен Сәнім Өміртаева – бейімделген дене шынықтыру бойынша жаттықтырушылар, сондай-ақ балаларды мектепалды даярлаумен айналысады. Дария Мырзақұлова – логопед-дефектолог, Өміргүл Жанатхан – логопед әрі психолог, Гүлмира Сәрсенбаева – логомассаж және сенсорлық интеграция бойынша маман. Осынау қуанышты күні олардың да еңбегі атап өтіліп, Алғыс хаттар табысталды.

Орталық жетекшісінің айтуынша, сабақтар бағдарламасына бейімделген дене шынықтыру, нейропсихология, сенсорлық интеграция, Томатис терапиясы, нейропорт терапиясы, Фохо массажы, нүктелік массаж, логомассаж және басқа да бағыттар кіреді.

– Бейімделген дене шынықтыру – қимыл үйлесімділігін, бұлшықет тонусын дамытатын және психологиялық кедергілерді жеңуге көмектесетін спорттық-сауықтыру шаралары мен жаттығулар кешені. Нейропсихология адамның ми қызметі, психикалық процестері мен мінез-құлқы арасындағы байланысты бақылау үшін қажет. Томатис терапиясы музыка мен дыбыстар арқылы миды жаттықтырады. Нейропорт тіл рецепторлары арқылы берілетін жеңіл электр импульстерінің көмегімен ми мен жүйке жүйесінің қызметін қалпына келтіруге ықпал етеді. Массаждың да түр-түрінің пайдасы зор. Біз әр балаға жеке тәсілмен қараймыз, арнайы диагностикалық карта әзірлейміз, содан кейін нәтижелерін бақылап отырамыз. Орталықтағы сабақтар үш айға есептелген. Оның қорытындысы бойынша 80 пайызға дейін оң өзгерістерге қол жеткізуге болады. Көзбен көрген нәтижелеріміз – жұмысымызды әрі қарай жалғастыруға үлкен серпін береді, – дейді Анар Қилыбаева.

Көріп отырғанымыздай, орталықтың жұмысы мектепке дейінгі жастағы балалардың сөздерді анық айтуына және үйлесімді дамуына көмектесуге бағытталған. Бұл – ерекше балалардың ата-аналары үшін үлкен қолдау. Өйткені олардың көпшілігі кейде тығырыққа тіреліп, үмітсіздікке бой алдырады. Ал «Ақылдым» орталығының арқасында олардың үміті артып, мамандармен бірлесе отырып, балаларының бойындағы қабілеттерін ашуға және белгілі бір жетістіктерге жетуге мүмкіндік алады.

– Мұнда өте жақсы жағдай жасалған. Ең бастысы – білікті мамандар еңбек етеді, – дейді ата-ана Мейірім Докторбекқызы. – Мұнда өткізілетін сабақтардың ешқайсысы зая кетпейді. Нәтижесі көзге көрініп тұр. Оның үстіне балалар орталыққа ықыласпен, қуана келеді. Меніңше, бұл өте маңызды. Қаскелең қаласында осындай орталықтың жұмыс істеп тұрғаны қандай ғанибет!

Қарасай ауданы

ЕҢБЕК АДАМЫ



Ел егемендігінің арқасында кәсіпкерлікке батыл бетбұрған қыз-келіншектер айналамызда аз емес. Осы тізімнің басында «Бүркіт» отын-энергетикалық компаниясы» ЖШС директоры, «Құрмет» ордені, «Ерен еңбегі үшін» медалі және I, II дәрежелі «Шахтер даңқы» төсбелгісінің иегері Ләззат Ботабекованы мақтанышпен айтамыз. Кәсіпкердің Райымбек ауданындағы «Ойқарағай» көмір кенішінің жұмысын жолға қойып, халықты қатты отынмен қамтамасыз етіп келе жатқанына ширек ғасырға жуықтады. Осы уақыт ішінде бұл саладан мол тәжірибе жинақтап, өзіндік мектеп қалыптастырды.

ТАБАНДЫЛЫҚ – ТАБЫС КІЛТІ

● Болат МӘЖИТ

Мынадай сәйкестікке қарап сүйінесіз. Бір отбасында елге есімі белгілі екі кәсіпкер ажырамас жұп құрап, бақуатты да бақытты өмір кешуде. Балаларды өсіріп, балдай тәтті немере сүйіп, бұйырған нәсібені бөлісуде. Құтты шаңырақтың отағасы Тоқан Ботабеков Іле ауданында орналасқан «BTK GROUP» компаниясының негізін қалады. Мәскеудің жоғары оқу орнын бітіріп, Алматы құрылысында шыңдалған бесаспап маман. Ал Ләззат Қайсарқызы – Алматы халық шаруашылығы институтының түлегі. Есеп-қисапқа жүйрік біреген экономист. Олар бір-біріне ақыл қосып, ой-танымдарын үнемі байытып, толықтырып отырады.

Өмірдің өзгермейтін заңдылығы бар. Жеміс тақыр жерге өспейді. Әр нәрсенің тереңнен тамыр тартқан негізі болады. Ләззат Қайсарқызы да жастайынан еңбек етуге ерекше ден қойды. Әкесі Қайсар Молдабекұлы, анасы Панаркүл Нұрқаділқызы бала тәрбиесін басты назарда ұстауды ұмытқан емес. Әкесі – науқандық қарбаластан қолы тимейтін агроном. Кейін кеңшарды басқарды. Ал анасы – есепші. Қағаз ақтарып, шот қағып, сегіз сағат кеңшардың кеңсесінен шықпауға дағдыланған. Олар осындай қиындықты сылтауратпай, балаларының оқуы мен тоқуына жіті көңіл бөлді. Жүріс-тұрысын қатаң бақылауда ұстады. Ұрпақтың болашағы ең алдымен өздеріне керек екенін ұқты. Ата дәстүрден айнымады.

– Әкем Қайсар Молдабекұлы аса сабырлы, көркем мінезге бай адам еді. Сергектігімен көпшілікті баурайтын. Ертеңін бүгін болжайтын. Бастық болғанды артықшылық деп түсінбеді. Балаларын еңбек етуге дағдыландырды. Сол үшін арнайы кесте жасап, күн сайынғы міндетімізді белгіледі. Кім не бітірді, кешке қарай нәтижесін мұқият тексеретін. Балалардың үлкені менмін. Бейнелеп айтқанда, сынып старостасы сияқтымын. Інілеріме шамасына қарай жұмыс тапсырамын. Оның ішінде сабаққа сапалы дайындалу бірінші орында тұрады. Үй толған кітап. Ол жерден қажет оқулықты да, керек әдебиетті де қиналмай табасың. Әкем бізді қамшылап алға сүйреді. Жүйелі тәрбиенің арқасында бәріміз жоғары оқу орнына түсіп, бір-бір маман атандық. «Қайсардың ұл-қызы әкесіне тартпапты» дегізбедік, – деп Ләззат Қайсарқызы өткен күндердің ұмытылмас сәттерін есіне түсіреді.

Райымбек ауданына қарасты Текес ауылында тұратын көнекөздер Қайсар Молдабекұлын сағына еске алады. Көршілер тұрғындары ол кісіні бастығы емес, бауырындай көріп, жанына жақын тартқан. Директор шаруашылық өміріне біржақты қарамаған. Адамдардың көңіл-күйіне, әлеуметтік жағдайына жанашырлықпен көңіл бөлуді парыз санаған. Жұмысшылардың әрқайсысымен тізе қосып, емен-жарқын әңгімелесуді әдетке айналдырған. Кемел ойға, келелі ұсынысқа кедергі келтірмеген. Замандастарының Қайсар Молдабекұлына берген бағасы осындай.

«Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлі «Нағыз қазақ – қазақ емес, Нағыз қазақ – домбыра» дегенді бекер айтқан жоқ. Менің қара домбырамен сырласқаным – әртіс болуды аңсағанымнан емес. Қазақтың көркем сазымен жандүниемді байытуға тырыстым. Домбырамен үндескен жан ең алдымен жүректің дауысына құлақ түреді. Сондықтан Текесте музыка мектебін ашуды армандап, оның жобасын тиісті орындарға ұсындым. Ауылда мамандар жеткілікті. Текестіктер өнер байқауларында ешкімге дес бермейді. Екінші мәселе, ұлттық әдебиетті құрметтейтін зиялылық керек. Қарап тұрсаң, Аспантау өңірінен түлеп ұшқан Бердібек Соқпақбаев пен Мұқағали Мақатаевтың өзі-ақ ұлан-ғайыр мысалдарға негіз. Ал ақын құрдасым Еркін Ібітановке дән ризамын. Асқан дарынды қалпымен Алматыға бармай ауылды қолдады. Жас таланттардың қанатын қатайтты. Оны сол үшін төрімнен түсіргім келмейді», – деп отырады екен, жарықтық! «Қайсар ән салғанда құлақтың құрышын қандыратын еді» дейді білетіндер. Қайсар аға нсбәрі қырықтың ішінде дүниеден озыпты.

–Асқар тауымыздай көрінген асыл әкенің қазасы бізді есеңгіретіп жіберді. Балалары қанаты қатаймаған күйде аңырап артында қалды. Анам да шарасыз халде күйзелді. Бірақ қайғының соңы қайратқа тіреледі. Белді бекем буып, қиындықтармен күресуге тура келді.

Оңашада ойға шомып, әкемнің айтқан ақыл-кеңесін қайтадан бір сұрыптап, ақыл таразысына саламын. Әр сәтінің астарына үңіліп, көңілге тоқимын. Асыл әкем қамшы сабындай ғұмырдың бір күні аяқталарын сезгендей, небір терең пәлсапаларды біздің бойымызға сіңіруге тырысқан екен. Басты байлық қалтадағы каражаттан бұрын үлкеннің өнегесі, атадан балаға ауысатын абыройлы жол екенін ұқтым. Қоржынында білімге толтырып еңбегінді еселесең, төзіміңді берік етіп намысыңды өткірлесең, алмайтын қамал жоқтығы белгілі болды. Әкем «Біздің әулет – тау жайлаған жұрттың аймандай ақылшысы, елін жерұйыққа бастаған Шоған абыздың ұрпағы. Сен де соған лайық болуды ұмытпа» дейтін. Сөйтсек жанымызға жақын осындай сөздермен бізді қамшылапты ғой, – дейді Ләззат Қайсарқызы ішкі тебіренісін жасыра алмай.

Сол кезде оның ойына әкесіне ұқсап агроном болу арманы бұр жарғанын біреу білсе, біреу білмейді. «Шырағым, меніңше мұндай іс қыз балаға қолайсыз. Кейін икеміне келмей, қиналып жүрме» дегенді анасы Панаркүл жанашырлықпен айтқан. «Анашым, әкем атына заты сай қайсар болды. Артымнан ерген төрт інім бар. Қазақта атқа мінген арулар аз болмаған. Бағымды сынап көруге рұқсатыңды бер», – деген қызының қалауына анасы қарсы тұра алмай үнсіз басын изеді.

Әрі қарайғы әңгімеге отағасы Тоқан Көкенұлы араласып, жұбайына қатысты біраз жайды ортаға салды.

– Анамыздың қыз бала үшін агрономдықты ұнатпағаны түсінікті. Алайда Ләззат та айтқанынан қайтпайды. Өйткені ол заманда бұл мамандықтың беделі мен дәрежесі үлкен еді. Агрономды өсу баспалдақтары күтіп тұратын. Сондықтан Алматыдағы ауыл шаруашылығы институтына құжаттарын тапсырады. Бәсеке сұмдық! Бір орынға жиырма адамнан асып кеткен. Оның ішінде арнайы жолдамамен келгендер, әскерден оралғандар, екі-үш жылдық жұмыс өтілі барлар өздерінше бір төбе. Мектепті жақсы бітірген қыздың агроном болуды армандағаны анасының ғана емес, профессорлардың да көңілінен шықпады. Не керек, көп сылтаудың біріне жаткызып, емтиханды ойдағыдай тапсырған талапкерді конкурстан өткізбей тастайды. Оған Ләззат өкінеді, керісінше анасы қуанады, – дейді Тоқан аға әзіл-шынын араластырып.

«Қызым, несіне абыржисың?! Ауыл шаруашылығы институты болмаса, халық шаруашылығы институты бар. Соның кешкі бөлімі талапкерлер құжатын қабылдап жатыр. Мен білсем, емтиханнан қамшы салдырмай өтесің. Анаң секілді экономист атансаң несі жаман?! Мамандық алуда әкеге тартып туу шарт емес шығар?» – деп анасы алтын қызының маңдайынан еркелете иіскейді.

Оқуға түскенімен, екі мәселе алдынан шығады. Институттағы сабақ күн сайын жалғасады, бірақ тек кешке қарай. Осыған байланысты қайтып ауылға кете алмайсың. Енді ретін тауып қаланың тұрғынына айналып, осындағы пәтерге тіркелуің керек. Одан кейін лайықты жұмыс іздейсің. Ол мамандығыңа сәйкес келсе тіптен жақсы.

Ләззаттың бас сұққан алғашқы мекемесі «ГипроНИИХиммаш» жобалау институты болды. Кадрлардың дені орыс ұлтынанеді. Алматының ол кездегі мұндай сипатына ешкім таңғалмайтын. Кезінде әкесінің ақылын тыңдап, ауылда жүріп-ақ орысшаға төселгені пайдасын тигізді. Оның үстіне анасына көмектесіп үйренгені бар. Ас үйден қолы тимегенде анасы есепшілік жұмыстарының жеңіл-желпі тұстарын реттеп жіберуді қызына тапсыра қоятын. Қабілеті мықты қыз ақыл-кеңесті бірден қағып алатын. Міне, енді қызметке қабылдаушы мамандар Ләззаттың тапқырлығы мен самдағайлығына тәнті болғанын жасырған жоқ.

Бәрі сәтімен жалғасып, әрі қарай «Алматыжилстрой» трест басқармасында экономист болып еңбек етті. Жан-жақты шыңдалған тұста оны қызметке шақыратын ұжымдар көбейеді. Алматы қалалық әкімшілігінің тұрғын үй коммуналдық бөлімінде инспектор болды. Мемлекет қызметкері ретінде сынақтардан өтіп, күрделі ұйымдастыру жұмыстарына қатысады. Қоғамдық қарым-қатынастардың этикасы мен мәдениетін меңгерді. Бүгін мен болашақты салыстыра қарап, өзіндік ой түйіп, пікір қалыптастыратын деңгейге көтерілді. Осының бәрі үлкен кәсіптің тізгінін ұстауға арналған дайындық еді.

2000 жыл Ләззат Қайсарқызы үшін нағыз сындарлы кезең болды. Себебі дәл осы шақта оған отын-энергетикалық компанияның болашағы мен тағдыры сеніп тапсырылды. Аспантау сілемдеріне жататын «Ойқарағай» көмір кенішінің жұмысын жүргізу қажет болды. Сол кезде Ләззаттың ойына қайта-қайта әкесі орала берді. «Тартынба, қызым, сенің бойыңда мақсатына жетпей қоймайтын күш бар. Ол бір күнде қалыптасқан жоқ. Жас кезіңнен сабыр мен салауатты қатар ұстап, ақылың мен қайратыңа иек артып үйрендің. Сондықтан өмірдің өзі саған көтере алатын жүкті ұсынып отыр. Бағытың дұрыс, алға!» деген дауыс құлағына келгендей ширықты.

Айтпақшы, тағы бір әсер оны барынша шыңдап еді. Жұбайы Тоқан Көкенұлы «BTK GROUP» компаниясы атанған заманауи кірпіш зауытын құрғанда осы іске кенесші болған. Сондағы байқағаны, мамандық пен кәсіпкерліктің сыртқы сипаты ұқсастау болғанымен, сыры бөлек дара ұғымдар екен. Мамандық бір саланы ғана жақсы меңгерумен шектеледі. Ал кәсіпкерлік – ондаған мамандықты ортақ пайда табуға үйлестіретін оркестрдің дирижері іспетті әмбебап қабілеттің иесі. Еліміз тәуелсіздік алып, нарықтық қатынастарға қайта оралғанда мықты мамандар мықты кәсіпкер бола алмай сыр алдырды. Мезгіл сұрыптауы жекеменшіктің қадірін ұққан жандарды пышақтай жанып, өткірлеп алға шығарды. Кейіпкеріміз Ләззатты соның бір мысалы ретінде қарастырсақ, артық айтқандық емес.

– Күндіз қатардағы шахтерларша киініп жұмысшылардың ортасында боламын. Олар кәсіпорын басшысынан нақты шешімдер күтеді. Мұндағы тіршіліктің табиғаты бөлек. Шаруаның өміріне мүлдем ұқсамайды. Ашық карьердің өзінде техникаларымыз 80 метр тереңдіктен көмір өндіреді. Ал кешке қарай Алматыдан арнайы алдырған кітаптарға үңілдім. Онда шахтерлік шежіреден бастап, бұрынғы және қазіргі технологиялар ғылыми тілде жан-жақты сарапталған. Сан алуан есептердің жауабын адаспай тауып, тиімді тұстарын күнделікті іс-әрекетпен ұштастырмасаң ұтыласың. Жасыратын не бар, қиындыққа шыдамай қолды бір сілтеуге сәл-ақ қалған сәттер де болды. Бірақ намысты жан, білімді маман жеңілу үшін тер төкпейді. Ізденудің күшімен екінші мамандықты тез игеруге мүмкіндік таптым. Соның арқасында өзімді тау-кен институтын бітіріп шыққандай сезіндім.

Қарағандыға барып жеті қат жер астындағы шахтерлардың қалай жұмыс істегенін көзбен көрдім. Қасына келген қазақтың қызына олар да ілтипат көрсетті. Ешнәрсені жасырып қалған жоқ, шын жүректерінен ақтарылды. Сұрақтарыма бүкпесіз жауап қайтарды. Шахта мен шахтерлардың бұрын білмейтін құпиялары туралы сыр шертті. Бір сөзбен айтқанда, Қарағандыдан Ойқарағайға жүз пайыз өзгеріп қайттым, – дейді Ләззат Қайсарқызы.

Шаруашылығы қожырай бастаған шахтаны қалпына келтіру жанкешті тәуекелмен бірдей еді. Тиісті заңдылықтар негізінде банктерден ірі көлемде несие алынды. Оның қайтарымы қалай өтелетіні күні бұрын болжанды. Десе де, бұлай қимылдауға жүрек керек. Өзіне деген зор сенімсіз бәрі бекер. Қуанарлығы, бойындағы күш-қуат алдамады. Бірнеше жыл аясында жақсы нәтижелер бой көрсетті. «Бүркіт» компаниясы қарқынға қарқын қосты.

Құрал-жабдықтар жаңаланды. Жапониядан, Қытайдан, Ресейден соңғы үлгімен шығарылған қуатты техникалар жұмысқа араласты. Өндіргіш күштердің біліктілігі артты. Қойма қосалқы бөлшектерге толды. Жанар-жағармайдың жеткілікті қоры жасақталды. Кеніште шахтерлар ғана емес, түрлі кәсіп иелері бас қосты. Үзіліссіз еңбек ету ырғағы қалыптасты. Инженерлер мен жұмысшыларға қолайлы жағдай туды. Жатақханалары көңілден шықты. Арнаулы киімдерден тапшылық көрмеді. Жұмысшыларға үш мезгіл тамақ тегін берілді. Лайықты еңбекақы мезгілінде төленді. Медициналық қосын, зертхана жұмыс істеді, Техникалық қауіпсіздік, экологиялық талаптар барынша ескерілді.

Компания жылына 40 мың тоннадан астам көмірді әлеуметтік мекемелер мен тұрғындарға жеткізіп отырды. Мұндай қызмет бес ауданды қамтыды. Көрші мемлекеттермен де келісімшарт жасалды. Сонымен қатар облыста, ауданда өтетін түрлі халықтық шаралардан тыс қалмады. Демеушілік көрсету, адамдарға арналған қамқорлық пен қайырымдылық бұлжымас ережеге айналды. Мәселен, көмек қажет отбасыларға 350 тонна көмір тегін берілді. Жоғарғы оқу орындарына түскен 13 студентке кәсіпорын атынан гранттар ұсынылды. Осы тектес мысалдар өте көп.




Ләззат Қайсарқызы қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады. Облыстағы «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы жанындағы іскер әйелдер қоғамының төрайымы. Қыз-келіншектерге ақыл-кеңес беріп, жол көрсетумен қатар, олардың тұлға болып қалыптасуына әріптестік ықпалын аяған емес. Тың тақырыптарды қозайтын тәлімді форумдар ұйымдастыруға мұрындық болып жүр.

Отандық кәсіпорындардың ішінде «Бүркіт» компаниясы» ЖШС-ның шоқтығы биік. Оның қанатын кеңге жайып, атына заты сай болып, қырандай самғайтынына замандастары да шек келтірмейді.



ӘДЕБИ КЕШ

Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойы аясында әдебиет пен мәдениет қайраткерлерін туған жерге шақырып, таулы өңір жұртымен жүздестірудің жөні бөлек. Бұл – бір жағынан, қаламгерлерге көрсетілген құрмет, екіншіден, өскелең ұрпақтың әдебиетке деген сүйіспеншілігін арттырып, оларды кітап оқуға үндейтіні анық. Осындай игі шара Баққожа Мұқай атындағы аудандық Мәдениет үйінде өтті. Ақын Батық Мәжитұлының «Ататолғау» атты жыр кешіне жиналған жұртшылықтың қарасы мол болды.



● Ақерке БИЖАН

АҚЫННЫҢ АТАТОЛҒАУЫ



Әдеби кештің алғашқы сәтінде қаламгер шығармашылығына кезек берілді. Бұдан кейін мұқағалитану толғаныстары өріліп, асыл жырдың құдіреті мен рухани сабақтастықтар жайында әңгіме қозғалды. Ал сұрақ-жауап бөлімінде көпшілік көкейде жүрген сауалдарына жауап іздеп, ақынмен емін-еркін пікірлесті.

Өңір жұртшылығы атынан сөз алған Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев қаламгердің әдебиет пен баспасөз саласына сіңірген еңбектеріне тоқталды.

– Оқырманды сүйіндірген төл туындыларыңызбен бірге, Алаштың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылық мұрасын насихаттау, зерттеу, оны келешекке бағыттау жолындағы жұмыстарыңыз құрметке лайық. Мұндай іс – терең танымды, тынымсыз ізденісті, білім мен білікті қажет ететін мәртебелі міндет. Сіз осы жолды шығармашылық мұратыңыздың біріне айналдырдыңыз.

Өз басым Батық Мәжитұлын парасат биігінен көрінген, адалдығын абыройға ұштастырған, азаматтығын арзандатпаған айтулы тұлға ретінде құрметтеймін. Ағамыз 75-ке келсе де, туған елдің алдында перзент болып қала беретінін ескертті. Халқынан қолпаш дәметпей, есесіне аяғынан тік тұрып, еліне қызмет етуге тиіс екенін айтты, – деп Дастан Сұлтанмұратұлы кеш қонағының арқасына бабалар тәбәрігі ретінде оқалы шапан жапты.

Батық Мәжитұлы шығармашылық қызметін 1978 жылы аудандық «Советтік шекара» газетінен бастады. Жергілікті баспасөздің даңқын асырған Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібітанов секілді ақын ағаларының, таланттарға тәлімгер болған Әлнұр Мейірбековтей ұстаздың алдын көрді. Өнегелерін бойына дарытты. Сөз ұғатын тектіліктің, жазу өнеріндегі шеберліктің ғажайып мысалдарына қанықты. «Советтік шекара» қалам ұстаған ұл-қызды қайнар бұлақтың көзіндей тазалықпен сусындатты.

Нарынқолда қаланған қаламгерлік қарым республикалық басылымдарда жалғасты. «Ақиқат» журналында, «Егемен Қазақстан» газетінде шындалды. «Мұқағали» журналының алғашқы бас редакторы ретінде басылымның негізін қалады. Барлық күш-жігерін журналдың кемелденуіне жұмсады. Нәтижесінде ақын атындағы басылым мемлекеттің де, зиялы қауымның да сүйіспеншілігіне бөленді.

Батық Мәжитұлы – өлең жазу жауапкершілігіне сақ қарағандардың бірі. Өлеңді азаматтыққа шақыратын тәрбиенің негізі деп біліп, ататолғауға тең еді. Ұлттық көзқарастың қәусар толқындарын шым-шымдап жүрекке сіңірудің ерекшеліктеріне ден қойды.

... Атақ қуып аптықпа,
Шатақ қуып шаптықпа.
Майыспағын жоқтыққа,
Масаймағын тоқтыққа.
Таптатпағын гүліңді,
Жоқтатпағын тіліңді.
Ластамағын үйіңді,
Тастамағын күйіңді.
Ұрпақ үшін жи малды,
Ұмытпағын иманды.
Намысыңның жолында,
Қажет болса, қи жанды.
Қорғаны бол қазақтың! – деген секілді жүректі қозғайтын адуынды шумақтар тыңдаушыларға дүркін-дүркін қол соқтырды. «Қызыры бар қазақтың», «Оян, ұлым» өлеңдері де ырғақ пен мазмұнға, әдемілік пен әсерге толы болды. «Тынбай сені сағынады жалғызың» топтамасы анасының әзіз бейнесін көпшіліктің көзіне елестетіп қана қойған жоқ, әр адамның кеудесіндегі анаға деген сағыныштың қылын тербеді.

Бәрі есімде – салиқалы сөздерің,
Сенің арқаң – түйсінгенім, сезгенім.
Дұрыс өлше деп өмірдің салмағын,
Бердің маған ақиқаттың безбенін.
Қайта оралмас қайран
менің кездерім! – деген өлең жолдары ешкімді бейжай қалдырған жоқ.

Келесі кезекте мұқағалитану толғаныстары әңгімеленді. Қаламгер «Мұқағалитану не?» деген сұрақтың мағынасын ұқтырып, жанды мысалдарға жүгіне отырып, тұщымды жауап қайтаруға тырысты.

– Бір жеңгеміздің өз өлшемі аясында айтқан сөзі бар еді. «Мұқағалитану ма, оны білгілерің келсе, менен сұраңдар. Ақын ағаны менен артық танымайсыңдар. Өйткені біз көрші тұрдық» деді. Кейбір деңгейлердің осы тектес болатыны өкінішті. Біз ақынның өзінен бұрын сөзінің құнын саралап, асылдың астарына үңілгеніміз дұрыс. Мұқағали мұрасын тану жадағай шаруа емес. Ол жанкешті ізденістерді керек етеді. Ақын өлеңдері терең, түбіне бойлаған сайын түрлі жұмбақтарға жолығасыз. Шешуі күрделі құбылыс. «Мекенжайым – Жер менің» деп өзі айтқандай, күллі адамзаттың атынан үн қатуға өкілдік алған алып тұлғаны сол қалпында танығанға не жетсін?! Кен қазатын геологтарды дайындағандай, мұқағалитанушыларды қатарға қосу мақсатында ақын атындағы басылымды шығардық. Мұқағалитанудың көресі алдымызда. Ойлы жастардың оған жететініне шүбәм жоқ.

Жандауысын тілмен айтып жеткізе алмай қиналасың. Бір күні соның өрнектерін ақ қағаздан көресің. Қуанғаның соншалық, кім жазғанына қарамастан өлеңді өз сырыңдай иемденесің. Кеудеңе басып шалқисың. Содан кейін барып авторы есіңе түседі. Қарасаң, өлеңді жазған Мұқағали Мақатаев. Міне, нағыз халық ақыны дегеніміз осындай болады! – деді Батық Мәжитұлы.

Сұрақ-жауап бөлімі де тыңдаушыларды жалықтырмады. Ескі Қарасазға қатысты пікірлер жаңа көзқарастар бойынша өрбіді. Мұқағали туралы қисынсыз сөз айтатын «білгіштердің» әрекетіне баға берілді. Саны бар, бірақ сапасы сын көтермейтін кітаптардың неліктен көбейіп бара жатқаны сұралды. Мектеп оқушылары арасындағы мүшәйраның қандай ережені қатаң сақтауы тиіс екені талданды.

Кеш соңында композитор Бейбіт Дәлденбай ақынмен бірігіп жұмыс істеген кезде «Қырандар», «Батыр баба», «Мұқағали» әндерінің қалай шыққанын әңгімеледі. Журналист Рысбек Сәрсенбайұлы кездесудің әдеби мазмұнға тән сипаттарын ерекшелеп атады.

– Еркін Ібітановтың Тұманбай Молдағалиевқа арнаған поэмасында мынадай жолдар бар: «Шен таққан шекпеніңді шешіп тастап, Баяғы Тұмашым боп кір үйіме», – дейді. Көп нәрсені меңзеп тұр. Асыл ағаның сол тапсырмасын орындауға тырыстым. Кеше ғана мен тұрған мынау сахнада арқалы ағаларым өлеңдерін оқыды. Мынау залда даладай дархан тау мінезді бауырларым отырды. Уақытта тоқтау жоқ. Олар келместің кемесіне мініп, бақилық әлеміне аттанды. Алайда өздеріне тартып туған ұрпақтары ортаны толтырып, менімен кездесуге келіпті. Өмір жалғасып жатыр. Ендеше, ататолғаумен атажолды жаңғыртуға мұрындық болайық, – деді Батық Мәжитұлы.

Кешке жиналған көпшілік халықтық өнегенің тағы бір әдемі үлгісіне куә болды.

Райымбек ауданы

ФЕСТИВАЛЬ

Көрермен көңілін толқытты

Іле ауданы Өтеген батыр ауылындағы Нұргиса Тілендиев атындағы Мәдениет үйінде ерекше балалардың өнері мен өршіл рухын ұлықтаған облыстық инклюзивті фестиваль өтті. «Жүректен жүрекке» атты концертте сахнаға шыққан әр баланың өнері көрерменнің көңілін толқытып, қуаныштан жанарға жас үйірді.

● Құралбек СӘБИТОВ

«Qazaq Community Development» қорының жетекшісі Марат Жапаровтың бастамасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылған фестиваль өңірдің түкпір-түкпірінен келген жас өнерпаздарды бір арнаға тоғыстырды. Шараның басты мақсаты – ерекше қажеттілігі бар балалардың шығармашылық әлеуетін таныту, олардың қоғам өміріне белсене араласуына жол ашу, өнер арқылы өзара түсіністік пен жанашырлықты нығайту. Өйткені бала бойындағы дарынға мүмкіндік беріп, талпынысына демеу көрсету тұтас қоғамның адамгершілік өлшемін айқындайтын ізгі іс екені анық.

Мәдениет үйінің фойесінде ұйымдастырылған қайырымдылық жәрмеңкесі фестивальдің мазмұнын байыта түсті. Мерекелік концерттің шымылдығы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық халық аспаптар оркестрінің асқақ үнімен ашылды.

Кеште алғашқы құттықтау сөз алған Іле ауданы әкімінің орынбасары Асхат Садықов қатысушыларға ақжарма тілегін жеткізді. Жігері мұқалмаған жас дарындарға өнер жолында биік белестерді бағындырып, шынайы таланттарымен биіктен көрінуін тіледі.



– Құрметті қонақтар, қадірлі қатысушылар, ата-аналар мен тәлімгерлер, «Жүректен жүрекке» фестивалі әрқайсымызға жүрек жылуын жеткізіп, шынайы қуаныш пен ізгілік сыйлайды. Бүгінгі күн баршаңыз үшін шаттыққа, жарқын әсерге және ақжарма көңілге толы болсын. Сахна төріне талантымен, өнерімен дараланған балалар шығып, өз шеберліктерін көрсеткелі отыр. Балаларға деген қамқорлығымыз бен осы мерекедегі ізгі көңіл-күйіміз ешқашан толастамасын, – деді ол.

Шынайы таланттың жолында ешқандай тосқауыл болмайтыны анық. Бүгінгі концерт соны айқын аңғартқандай. Өнерге деген құштарлығы мен жалынды жігері арқылы күш алып, қиындыққа мойымаған балалар жүректерге жылу ұялатты. Олардың қабілетіне қолдау көрсетіп, сенім артып, бала бойындағы бұла күштің бұрқ етіп шығарына себепкер болған тәлімгерлерге ақжарма алғыс айтылды. Концерт соңында ұйымдастырылған ортақ би флешмобы мерекенің шырайын одан әрі аша түсті. Балалар сахнаға көтеріліп, әуен ырғағымен бірге билеп, шаттыққа бөленді. Фестиваль Зейнеп Өтегендінің «Жүректен жүрекке» композициясын орындауымен түйінделді. Бұдан кейін жас өнерпаздарға дипломдар, естелік сыйлықтар мен ақшалай жүлделер салтанатты түрде табысталды. Бұл – балалардың өнеріне берілген баға ғана емес, олардың талпынысына көрсетілген құрметтің белгісі болды.

Іле ауданы

ЗДОРОВЬЕ

ЛЕЧЕНИЕ И ЖИЗНЬ С ВИЧ: ДИАГНОЗ – НЕ ПРИГОВОР

Еще несколько десятилетий назад диагноз «ВИЧ-инфекция» для человека часто звучал как приговор. Сегодня ситуация кардинально изменилась. Современная медицина позволяет людям, живущим с ВИЧ, получать эффективное лечение, сохранять здоровье, создавать семьи, работать, воспитывать детей и строить планы на будущее. ВИЧ-инфекция сегодня – это заболевание, которое можно контролировать. Главное – знать свой ВИЧ-статус и своевременно обратиться за медицинской помощью.

Основой лечения ВИЧ является антиретровирусная терапия – лечение специальными препаратами, которые подавляют размножение вируса в организме. При регулярном приеме лекарств количество вируса в крови значительно снижается, а иммунная система получает возможность нормально работать. Благодаря этому человек может вести полноценную жизнь и сохранять хорошее самочувствие на протяжении многих лет.

Очень важно соблюдать назначенную врачом схему лечения и не прекращать прием препаратов самостоятельно. Эффективность терапии контролируется медицинскими специалистами с помощью лабораторных исследований, в том числе определения вирусной нагрузки – количества вируса в крови. Если лечение эффективно и вирусная нагрузка становится неопределяемой, человек не передает ВИЧ половым путем своему партнеру. Этот научно подтвержденный принцип получил название «Н=Н» – «неопределяемый значит непередаваемый».

ВИЧ не является препятствием для учебы, работы, занятий спортом, путешествий, любви и создания семьи. При своевременно начатом и правильно проводимом лечении люди, живущие с ВИЧ, могут иметь высокое качество жизни и строить долгосрочные планы. Важно помнить, что ВИЧ не передается при обычном бытовом общении. Рукопожатия, объятия, совместный прием пищи, разговор или пребывание рядом с человеком, живущим с ВИЧ, безопасны.

Современное лечение также позволяет людям, живущим с ВИЧ, планировать семейную жизнь и рождение детей. При своевременном обращении к врачу, правильно подобранном лечении и медицинском наблюдении риск передачи ВИЧ от матери ребенку можно значительно снизить. Поэтому беременность у женщины, живущей с ВИЧ, требует не страха, а грамотного медицинского сопровождения.

Зарина ЮЛДАШЕВА,
врач-инфекционист ГКП на ПХВ «Алматинский областной центр по профилактике и борьбе со СПИД»

Турдиева Гульдана Адиловнаның атына (08 ақпан 1982 жылы туған) 2026 жылдың 4 тамызында қайтыс болуына байланысты мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлер мен мүдделі тұлғалар Қонаев қаласы, 1-ықшамаудан, 13-үй мекенжайында орналасқан нотариус Алмас Хамидуллаевич Уразбаевқа хабарласуын сұраймын.

Байланыс телефондары: 87772567807, 87479771887

Открылось наследство после смерти гр. Турдиева Гульдана Адиловна (08 февраля 1982 г.р., умершего 04 августа 2026 г). Прошу наследников и заинтересованных лиц обращаться к нотариусу Уразбаеву Алмас Хамидуллаевичу, по адресу: г.Қонаев, 1-мкр., 13-дом.

Телефон: 87772567807, 87479771887

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

Веб-сайт редакторы:
Алтынай СЕЙІТКЕН

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ 8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25
Райымбек ауданы – Ақерке БИЖАН 8 771 847 37 26

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
Жаңһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «В» үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 2441

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – **12 000,** оның ішінде,
«Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – **7 823.**
Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ